



ПРЕЗИДЕНТ



ПРЕЗИДЕНТ ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰЙЫМЫНЫҢ САММИТІНЕ ҚАТЫСАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдер басшылары кеңесінің XII саммитіне қатысу үшін Әзербайжанның Габала қаласына барды.

6-7 қазан күндері «Өңірлік бейбітшілік және қауіпсіздік» тақырыбымен өтетін жиынға Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан, Түркия және Өзбекстан елдерінің президенттері қатысады. Олар ынтымақтастықтың өзекті бағыттарын, өңірлік және халықаралық мәселе-

лерді талқылайды. Сонымен қатар жиын барысында түркі әлеміндегі бірлік, тұрақтылық және өркендеуді нығайтуға бағытталған бірқатар маңызды құжаттарға қол қою көзделіп отыр. Іс-шараға Түрікменстан, Мажарстан байқаушы ел ретінде қатысады.

МӘСЕЛЕ

ТІСКЕ ТИМЕГЕН ҚАРЖЫ ЕНДІ «ТҮСКЕ КІРЕДІ»

Артық зейнетақы жинақтарын қордан шығарып табыс таба алмаған қазақстандықтар енді соны жасауға көмектескендерді ұстап беріп табыс таба алады. Қаржылық мониторинг агенттігі жалған стоматологиялық клиникалардың басшыларына іздеу жариялады. Олардың қайда тығылып жүргені туралы хабар берген адамдарға ҚЖА сыйақы мен анонимділікке кепілдік беретінін мәлімдеді. Сөйтіп, БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтарын заңсыз шығару схемасын жолға қойған топтарға қатысты қыркүйекте басталған шаралар әлі жалғасып жатыр.



ТӘРТІП САҚШЫСЫНАН «АҚША ЖЫМҚЫРУШЫҒА» АЙНАЛДЫ

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын алдап соқты деген айып тағып, құзырлы орган ізіне шам алып түскен күдіктілер — кілен жастар. Арасында 33 жасар экс-полицей де бар.

— Қаржылық мониторинг агенттігі жалған стоматологиялық клиникалардың иелерін іздестіріп жатыр. Бұлар — Аслан Қамбарұлы Дүйсенов, 01.04.1992 жылы туған, Ғаббас Иманбаев, 18.05.1998 жылы туған, Есімхан Баяндыұлы Елешев, 11.09.1987 жылы туған. Аталған азаматтар 46 млрд теңгеден астам қаражатты БЖЗҚ-дан заңсыз шығару мақсатында қылмыстық схемаларды ұйымдастырды деген күдікке ілінді, — деп мәлімдеді агенттік.

ҚМА дерегіне жүгінсек, бұл мақсатта тіс емдеу қызметі көрсетілді деп жалған медициналық құжаттарды рәсімдеген. Олар Маңғыстау және Атырау облыстарындағы 7 тіс клиникасын қарау мақ-

сатына пайдаланған-мыс. Аталған мекемелер іс жүзінде ешқандай медициналық қызмет көрсетпепті. А.Дүйсеновке, Ғ.Иманбаевқа және Е.Елеушевке қатысты бұлтартпау шарасы ретінде сырттай «қамауға алу» шарасы қолданылды. Тиісінше, қолға түсе сала, білегіне кісен сарт етеді.

— Айыпталушылардың бірі — А.Дүйсенов бұрын полиция қызметкері болған, алайда теріс себептермен жұмыстан қуылған. 2016 жылы ол Қылмыстық кодекстің «Өз-өзіне қол жұмсауға дейін жеткізу» аталатын 105-бабы және «Қызметтік өкілеттіктерін асыра пайдаланудың» 362-бабы бойынша ауыр қылмыс жасағаны үшін 5 жылға сотталған. Іздеуде жүрген тұлғалардың орналасқан жері туралы қандай да бір ақпарат білсеніз, бізге хабарлауыңызды сұраймыз: кезекші бөлім +7 (7172) 70 84 78 немесе Call-center: 1458. Сыйақы мен анонимділікке кепілдік беріледі, — деді Қаржылық мониторинг агенттігінің өкілдері.

(Жалғасы 4-бетте)

МӘЖІЛІС МІНБЕРІ



Елнұр БЕЙСЕНБАЕВ,
Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ»
партиясы фракциясының жетекшісі:

МОНОПОЛИСТЕР ҚЫМБАТ «ҚЫЗМЕТТЕРГЕ» ТӘУЕЛДІ ҚЫЛЫП ОТЫР

Жақында Мәжіліс депутаты Елнұр Бейсенбаев еліміздегі табиғи монополистердің әрекетіне қатысты өткір сын айтқан болатын. Ол Премьер-министр мен Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасына жолдаған депутаттық сауалында монополист компаниялар инфрақұрылымның тозуын әдейі сақтап отырғанын сөз етті. Өйткені ауқымды жаңарту жұмыстары жүргізілсе, жиі жөндеу қажеттілігі азайып, олардың тұрақты табысы қысқарады. Депутат бұл жағдайдың халыққа қосымша салмақ салып отырғанын атап өтті. Біз депутатпен осы мәселенің мәні мен оның іске асуына кедергі болып отырған жайттар жайында әңгімелестік.

(Жалғасы 3-бетте)

АЙБЫН

ӘСКЕРДІҢ ӘЛЕУЕТІ ӘЛЕУМЕТТІҢ НАЗАРЫНДА ТҰР

Жаһандағы геоясаяси ахуал сәт сайын құбылып тұрған кезде Қарулы күштерді ұдайы жетілдіріп отыру өмір талабына айналғаны анық. Қазақстан да бұл бағытта шама-шарқынша түрлі қадам жасап жатыр. Оған Құрлық әскерлерінің арнайы мақсаттағы бригадасына барған кезде тағы көз жеткіздік.



Мемлекет Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан армиясында арнайы операциялар күштерін құру мәселесіне ұдайы көңіл бөліп келеді. 2022 жылдың 19 қаңтарында Президент Жарлығымен Қарулы күштердің арнайы операциялар күштері қолбасшылығы құрылған болатын. Сөйтіп, бұрынғы десанттық-шабуылдаушы күштер қазір арнайы тапсырмаларды орындайтын күштерге айналған. Қазір бұл бригада армияның элитасы саналады.

Өткен аптада Қорғаныс министрлігі ұйымдастырған пресс-турда біз, ең алдымен, осынау әскери бөлім жұмысымен танысасак, екіншіден, Қарулы күштерде жасалып жатқан реформаларға куә болдық. Әлбетте, арнайы мақсаттағы бригаданың қарулануы-

нын, жауынгерлердің даярлығының, мамандардың біліктілігінің жоғары екеніне ешкім дау айта алмайды. Дегенмен Қорғаныс министрлігі журналистерді әскери бөлімге шақырып, бір емес, үш бірдей вице-министрмен кездесу ұйымдастыру арқылы жеке бригаданың жұмысын көрсетуді емес, тұтас саладағы жаңалықтардан хабарлар етуді көздесе керек. Пресс-турда қорғаныс министрінің орынбасарлары — вице-адмирал Серік Борамбаев, генерал-лейтенант Қаныш Әубәкіров және Дархан Ахмедиев журналистердің сауалдарына жауап берді.

(Жалғасы 4-бетте)

АУА САПАСЫН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АНЫҚТАЙДЫ



Құрылғы қаланың Сәтбаев – Байтұрсынұлы – Сейфуллин – Тимирязев көшесімен шектелген аумақтағы кеңсе шатырына орнатылған. Бұл орын сынақ кезеңін өткізуге өте қолайлы, себебі аталған аймақта көмір жағатын қазандықтар немесе фондық ластануды «бұрмалайтын» өзге де көздер жоқ.

→ 5

«ҚАЙСАРДЫҢ» ҚАРЫМЫ ҚАЛАЙ?



Бұған дейін түрлі қиындықтан көз ашпаған қызылордалық клубтың болашағына көпшілік күмәнмен қарады. Ең бергісі, клубтың қаржылық мәселесі шешімін таппай, жүйелі ойын өрнегін көрсетуіне көп кедергі келтіргені ел есінде.

→ 8

7 ҚАЗАН 2025 | СЕЙСЕНБІ



СЕНАТ НАҚТЫ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫН БЕКІТТІ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Іс-шарада депутаттар 9 қазанда өтетін палата отырысының күн тәртібін бекітті.

Бюро отырысын ашқан Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысының Жолдауда жүктеген міндеттеріне назар аударып, VIII сайланған Парламенттің биылғы сессиясының басым бағыттарына тоқталды. Депутаттар атап өткендей, сессия барысында бірқатар маңызды заң қабылданып, қызметтің негізгі бағыттары бойынша 100-ге жуық іс-шара өткізілмек.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауда нақты тапсырмалар берді. Осыған байланысты сенаторлар тұрақты комитеттердің ұсыныстарын ескере отырып, палатаның іс-шаралар жоспарын әзірледі. Соның аясында төртінші сессияда екі парламенттік тыңдау өткіземіз. Бұл ретте агроөнеркәсіп кешені мен су шаруашылығын цифрлық трансформациялау мәселелері де қамтылмақ. Одан бөлек, үш Үкімет сағаты, маңызды көшпелі кездесулер, дөңгелек үстелдер, комитеттердің өзекті тақырыптарға арналған отырыстарын өткізу жоспарланған. Мемлекет басшысы Цифрлық, Құрылыс кодекстері мен «Банктер және банк қызметі туралы» заң қабылдауды жүктеді. Сенат депутаттары бұл бағытта да жүйелі жұмыс жүргізеді», — деді палата Төрағасы.

Сонымен қатар бюро мүшелері Сенаттың алдағы отырысының күн тәртібін айқындады. Атап айтқанда, сенаторлар бейсенбіде «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің

Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасынан келген жұмыскерлерді Қатар Мемлекетінде жұмысқа орналастыруды реттеу туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарайды.

Келісім Қатар мемлекетінде Қазақстан азаматтарын жұмысқа орналастыру мәселелерін құқықтық реттеуді көздейді. Ол үшін қазақстандық азаматтарды іріктеу, жұмысқа қабылдау және жұмысқа орналастыру кезінде олардың құқықтарын айқындау сияқты рәсімдер белгіленеді. Сондай-ақ келісімге қосымша ретінде Қатар мемлекетінде Қазақстан Республикасынан жұмыскерлерді жалдау туралы үлгілік еңбек шарты бекітіледі.

Сондай-ақ «Дамушы елдерді ерекше ескере отырып, ең төмен жалақыны белгілеу туралы конвенцияны (131-конвенция) ратификациялау туралы» заң да палата отырысының күн тәртібіне шығарылды. Бұл заң Қазақстанның ең төменгі жалақыны айқындауға арналған қолданыстағы тәсілдерін халықаралық деңгейде бекітуге және әлеуметтік диалогтің құқықтық базасын нығайтуға арналған. Соның ішінде тараптардың ең төменгі жалақыны белгілеуге қатысу мәселесі де назарға алынғанын айта кеткен жөн.

Отырыс барысында бюро мүшелері бұған дейін Парламент Мәжілісі қабылдаған заңдарды жұмыс үшін Сенаттың тұрақты комитеттеріне бөліп берді.

ҚОЛМА-ҚОЛ АҚШАМЕН САУДА ЖАСАУ АЗАЙДЫ

Қазақстанда 2025 жылдың 6 айында қолма-қол ақшасыз төлемдердің көлемі 100,7 трлн теңгеге жетіп, бір жылда 20 пайызға артты. Ұлттық банктің мәліметінше, барлық транзакцияның 98 пайызы қолма-қол ақшасыз форматта жасалған, ал QR-код арқылы төлемдер POS-терминалдарды басып озды.

Ұлттық банктің төлем жүйелері арқылы жалпы 746 трлн теңгеге 54,6 млн операция жасалыпты. Бұл былтырғы жылмен салыстырғанда көлемі бойынша 9,2 пайызға, саны жағынан 34 пайызға көп.

Бірінші жартыжылдықта халық төлем карточкалары мен

банктердің мобильді қосымшаларын белсенді қолданған. Әр қазақстандыққа орта есеппен төрт төлем картасынан келсе, оның екеуін тұрақты қолданады.

Сонымен бірге халықаралық ақша аударымдары қысқарды: шетелге жіберілген қаражат көлемі 16 пайызға азайып, 321

млрд теңгені құрады. Қазақстанға түскен аударымдар да 105 млрд теңгеге дейін төмендеді.

Ал төлем ұйымдарының айналымы өсіп, 4,6 трлн теңгеге жетті. Ең көп сұранысқа ие қызмет — онлайн төлемдерді өңдеу. Дегенмен Ұлттық банк заң бұзған бірнеше ұйымды тіркеуден шығарып, айыппұлдар салды.

Қаржы нарығының қауіпсіздігі үшін қашықтан сәйкестендіру сервисі мен Антифрод-орталық белсенді жұмыс істеп тұр. Алты айда 23,5 млн биометриялық тексеру жүргізіліп, 2,3 млрд теңгенің алаяқтық транзакциясы бұғатталған.



ШЕТЕЛДЕН КӨЛІК ӘКЕЛУГЕ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

20 қазаннан бастап Қазақстанда жеке пайдалану мақсатында көлікті сырттан әкелуге қатысты жаңа шектеулер күшіне енеді. Бұл өзгерістер Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2025 жылғы 23 мамырдағы №45 шешіміне сәйкес болғалы отыр.

Енді көлік құралдарын ЕЭК коллегиясының 2017 жылғы 30 маусымдағы №74 шешімімен бекітілген тізімге енгізілген түрлері бойынша ғана әкелуге рұқсат етіледі.

Оған мынадай санаттағы көліктер жатады: жеңіл автокөлік-

тер, ЕАЭО СЭК ТН 8703 коды бойынша жіктелетіндер; квадроциклдер, қарда жүретін көліктер, жолсыз жерлерге арналған техника (жалпы қолданыстағы жолдарға арналмаған); мотоциклдер, мотороллерлер, мопедтер; 12 орынға дейінгі автобустар және

жалпы салмағы 5 тоннаға дейінгі жүк көліктері.

Барлық әкелінетін көліктер «Донғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентке сай болуы керек. Егер «көлік құралының конструкциясының қауіпсіздігі туралы» куәлік болмаса, жеке тұлғалар келендік рәсімдеуден өте алмайды. Утилизациялық алымды төлей алмай, көлігін тіркетуге мүмкіндік болмайды. Яғни, бекітілген тізімге кірмейтін кез келген автокөлікті елге әкелу мүмкін болмайды деген сөз.



ЕЛІМІЗ АЛТЫН САТЫП АЛУДАН КӨШ БАСТАДЫ

Тамыз айында әлемдік орталық банктердің алтын қоры 15 тоннаға артты. Бұл дерек Дүниежүзілік алтын кеңесінің есебінде келтірілген. Есепке сәйкес, ең ірі сатып алушы Қазақстан болды: Ұлттық банк өз қорына 8 тонна алтын қосты. Бұдан бөлек, Болгария мен Түркияның қорлары 2 тоннадан ұлғайса, Қытай, Өзбекстан және Чехия да шамамен осындай көлемде алтын сатып алған.

Шілдеде сатып алу уақытша тоқтағаннан кейін тамызда орталық банктер қайтадан белсенділік танытты. Бұл көрсеткіш наурыз-маусым айларындағы ай сайынғы таза сатып алулар деңгейіне сәйкес келеді. Ал Ресей мен Индонезияда керісінше алтын қоры азайды: Ресейдің резерві 3 тоннаға, ал Индонезиянікі 2 тоннаға төмендеді.

WGC есебінде: «Тамызда орталық банктер әлемдік алтын қорына 15 тонна қосты. Бұл наурыз-маусым айларындағы айлық орташа сатып алу көлеміне сәйкес келеді», — деп атап өтілген.



ЖҰМЫССЫЗ ЖҮРГЕНДЕР БАҚЫЛАУҒА АЛЫНБАҚ



Енді елімізде үш ай бойы жұмыс істемеген азаматтар есепке алынады. Бұл өзгеріс 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді. Әрі қарай деректер Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне беріледі.

Бұл шешім жеңілдігі бар азаматтарды нақты есепке алу және әлеуметтік қызметтердің сапасын арттыру мақсатында қабылданған. Мәліметтер тек қазақстандықтар бойынша емес, шетел азаматта-

ры, оның ішінде ЕАЭО елдерінен келген еңбек мигранттары мен олардың отбасы туралы да жинақталады. Тізімге жұмыссыз ретінде тіркелгендер, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған жұмыс істемейтін ата-аналар, I топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасайтын азаматтар, зейнеткерлер мен ардагерлер кіреді.

Жұмыс істемейтін азаматтар туралы мәліметтерді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы «Отбасының цифрлық картасы», «Еңбек нарығы», «Зейнетақы мен жәрдемақы алушылардың орталықтандырылған деректер базасы» және «Төлемдерді өңдеу ұйымы» жүйелері арқылы жинайды.

КӨКЕЙКЕСТІ

7 ҚАЗАН 2025 | СЕЙСЕНБІ

АЙБЫН

ӘСКЕРДІҢ ӘЛЕУЕТІ ӘЛЕУМЕТТІҢ НАЗАРЫНДА ТҰР

(Басы 1-бетте)

А Амангелді ҚҰРМЕТ
ТЫЛ – АРМИЯ ТІРЕГІ

Әдетте, Қарулы күштердің әскери даярлығы сөз болғанда жауынгерлермен офицерлердің біліктілігі, заманауи қару-жарақ, оқу-жаттығулардың саны мен сапасы қатарлы көптеген фактор айтылады. Сонымен бірге қуатты армия үшін қуатты тыл керек. Өйткені сарбаздарға қажетті керек-жарақтарды, инфрақұрылымды, азық-түлікті, денсаулық сақтау нысандарын тыл қызметі қамтамасыз етеді. Дәл осы салаға жауапты Қорғаныс министрінің тыл және әскери инфрақұрылым жөніндегі орынбасары генерал-лейтенант Қаныш Әубәкіровтің айтуынша, Қазақстан армиясының тылы мен инфрақұрылымы біршама жақсарған көрінеді. Мәселен, қазір Қарулы күштердегі сарбаздар мен офицерлерге арналған 16 әскери госпиталь мен лазарет жұмыс істеп тұр. Одан бөлек, түрлі әскери бөлімдерде 130-дан астам медициналық бөлімшелер бар. Оларға кейінгі жылдары 640-тан астам түрлі медициналық жабдықтар мен құралдар беріліпті. Осы мекемелерде 3,5 мыңнан астам медицина қызметкері еңбек етеді. Қазір әскерилерге берілетін дәрі-дәрмек көлемі де көбейіпті. Әскери қызметшілерді шипажайларға жіберу мәселесі де ескерілген. Бір сөзбен айтқанда, Қарулы күштердің медициналық қызметі біршама жақсарып келе жатқанға ұқсайды.

Одан бөлек, армия қарамағында әскери қалашықтар, казармалар, тұрғын үйлер бар. Олардың саны 8 мыңнан асады. Аталған ғимараттарды жөндеп, жаңғыртып отыру қажет. Генералдың айтуына қарағанда, қазірге дейін мұндай ғимараттардың 20%-дан астамына күрделі жөндеу жүргізіліпті. Қалғандарының да жағдайын на-шарлаптау бағытында нақты іс-шаралар жасалып жатса керек. Инженерлік желі-лерді жаңалау, ауыстыру да біршама жақ-



сарып қалған. Биылға дейін 100 шақырымнан астам инженерлік желі ауыстырылып-ты. Әскери бөлімдерді жылытатын 162 қазандықтың 30%-ы газбен жылытылатын болған. Жыл аяғына дейін 52 қазандықты көмір жағудан қутқарып, газбен жұмыс істейтін етіп, қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Әскери қалашықтардағы казарма қазандықтарын газбен жұмыс істеуге көшірудің нәтижесінде 1,9 млрд теңге үнемделген. Ал жаңадан орнатылған 3 200-ден астам электр есептеуіш құралы бір жылда 522 млн теңге үнемдеуге мүмкіндік берген. 2024-25 жылдары армияда 59 модульдік ғимарат іске қосылған.

Арыс пен Жамбыл облысындағы жарылыстардан кейін Президенттің әскери қоймаларға қатысты нақты тапсырма бергенін білеміз. 2021 жылы Үкімет 2025 жылға дейін 2 арсенал, 85 қойма салынатыны туралы ақпарат таратқан. №68665 әскери бөлімде өткен пресс-турда біз осы мәселе

жайлы сұрадық. Генерал Қуаныш Әубәкіров ок-дәрі қоймаларына қойылатын талаптар өзгергені, оларды тұрғын үйлерден алыста ұстауға көңіл бөлініп жатқанын айтты. Жем қаласының төңірегінде жүзеге асырылып жатқан ірі жобаның бірінші кезеңі 2026 жылы аяқталмақ екен. 20-дан астам қойманың құрылысы әр жерде жүргізіліп жатқан көрінеді. Генерал 2025 жылы сондай 5 қойма іске қосылатынын айтты.

САРБАЗ ӨМІРІНІҢ ДЕ СЫНАҒЫ БАР

Пресс-тур кезінде журналистер әскердегі өлім-жітім, қайғылы оқиғалар жайлы да сұрады. Өйткені қоғамды дәл осы мәселе алаңдатады. Кейінгі айлардың өзінде армия қатарында жүрген бірнеше сарбаз қайтыс болып, тағы бірер жауынгердің психоневрологиялық диспансерге жіберілгені жайлы ақпараттар тараған болатын.

Оның үстіне, 2024 жылдың күзінен бері медиада айналып жүрген ақпарат тағы бар. Сол кезде Мәжіліс депутаты Нартай Сәрсенғалиев әскери прокуратурадан алынған деректі айтқаны бар. Онда 2021-2024 жылдар аралығында 86 әскери қызметші өз-өзіне қол жұмсағаны жазылған. Олар әртүрлі күш құрылымдарында қызмет еткендер еді. ҰҚК Шекара әскерлері, ИМ-ге қарасты Ұлттық ұлан және Қарулы күштер дегендей бөлінеді. Ал биылғы қыркүйекте психоневрологиялық диспансерге жіберілген сарбаз бен егіз жауынгердің біреуінің көз жұмуы медианың назарына ілініп тұр.

Қорғаныс министрінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс жөніндегі орынбасары, вице-адмирал Серік Борамбаев әр оқиға жіті тексерілетінін айта келе, егіз жауынгерлерді бір-бірінен бөліп тастаудың себебін де баяндады. Естеріңізге салсақ, қыркүйектің ортасында Дінмұхамед Шынарбек атты сарбаздың қаза тапқаны белгілі болған. Алдын ала болжам бойынша, ол суицид жасауы мүмкін екені айтылды. Тергеу әлі жалғасып жатыр. Дегенмен марқұмның туыстары егіз азаматтар Дінмұхамед пен Даниялды екі әскери бөлімге жіберу дұрыс болмағанын да алға тартқан. Осы мәселеге орай генерал Серік Борамбаев екі сарбаздың екі мезгілде әскерге шақырылғанын, ал қазіргі тәртіп бойынша күз бен көктемде әскер қатарына шақырылғандар бір бөлімде болмайтынын айтты. Өйткені күзде әскер қатарына алынғандар көктемде келетіндерге қарағанда жарты жылдай әскери өмірге үйреніп үлгереді. Дегенмен әскердегі әр келенсіз оқиға жүйелі зерттеп-зерделеуді қажет ететінін ұмытпаған жөн. Сонымен бірге медианың да бұл мәселеге байсалдылықпен қарағаны дұрыс екеніне тоқталды генерал.

Серік Борамбаев Манғыстауда психоневрологиялық диспансерге жіберілген жауынгердің толық тексеруден өтетінін атап өтті. Осы тұста қоғамда «психоневрологиялық диспансер» дейтін ұғымды бірден «жындыхана» ретінде бағалайтын көзқарас бар екенін де тілге тиек етті.

Жалпы алғанда, әскердегі келенсіз оқиғаларды азайту бағытында көптеген жұмыс атқарылып жатыр. Қорғаныс министрінің шифрландыру жөніндегі орынбасары Дархан Ахмедиев бұл бағытта жасанды интеллектті қолдану да мүмкін екенін атап өтті. Вице-министр қазармаларға орнатылып жатқан жаңа камералар-

дың алгоритмі бөлек екенін атап өтті. Рас, әскери бөлімдерде бақылау камералары аз емес. Біздің білуімізше, Қарулы күштердің әскери бөлімдерінде 14 мыңнан астам камера бар. Бірақ сонда да келенсіз оқиғалар тіркеліп жатады. Содан да болар Қорғаныс министрілігі бұл бағытқа айырықша көңіл бөліп, шифрлы технологияларды қолдауды күшейтуге бел буыпты.

«Камералар бұрыннан бар. Бірақ мәселе олардың сапасында. Камералардың арасында аналогтық жүйемен жұмыс істейтіндер де, цифрлық камералар да бар екенін ескеру керек. Сол цифрлық камералардың өзінде бейнелерге анализ жасау мүмкіндігі болмайды. Сондықтан былтырдан бастап жасанды интеллект енгізіп жатырмыз. Бейнелерді зерделеп, анализ жасауды бастадық», — делі Д.Ахмедиев.

Оның айтуынша, әскери қызмет барысын тұтас шифрландыруға көңіл бөлініп жатыр. Айталық, жеке құрам толық па, кім қайда жүр, қоймаға кім кірді, кім шықты, қандай әскери техника бөлімнен кетті немесе келді дегендей көптеген ақпарат орталықтандырылып, бақылауға алынады. Тіпті, жетілген камералар қарауылға шығатындар санын да азайтуы мүмкін. Мұндай жобалар тестілеуден өтіп жатыр екен. Заманауи технология мен жасанды интеллект әскери бөлімдердегі әр оқиғаны тіркеп, қажет кезінде тиісті құрылымдарға хабар беруге сай етіп жасалмақ. Мәселен, біреу тапаншасына немесе қаруына қол салса, жасанды интеллект оны қауіп деп бағалауы мүмкін. Сөйтіп, бөлім командиріне, әскери полицияға және басшылыққа ескерту жолданады. Одан бөлек, камералардың «көзіне түйсетін» орын қалдырмау да өзекті болса керек. Сол арқылы әскердегі келенсіздікті мейлінше азайту көзделді.

Әзірге әскери қызмет пен сарбаздардың тұрмысы туралы өзекті мәліметтер топтастырылған ARMIA.KZ ақпараттық сервисі, автоматтандырылған психологиялық тексеруден өткізуге арналған «ТРВ-камера» бағдарламалық-аппараттық кешені, сондай-ақ тәулік бойы әскери қызметшілер мен олардың отбасыларына жасырын психологиялық қолдау көрсететін жасанды интеллект негізіндегі телеграм-бот форматында жұмыс істейтін цифрлық кеңесші AI-Sulu тәрізді жаңа жүйелер жұмысын бастапты. Қысқасы, Қарулы күштерде жаналық көп екеніне көз жетті.

МӘСЕЛЕ

(Басы 1-бетте)

А Елдос СЕНБАЙ

Сарапшылар «стоматологиялық» салаықтықты тексеруге құзырлы органдардың біраздан дайындалғанына назар аудартады. Іздеу жариялап, халықтан көмек сұрайтындай халге қалай жеткені, күдіктілердің елден тайып тұруына, қашып құтылуына кімнің жол бергені белгісіз.

Алдымен, 9 қыркүйекте Ақордада Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдауына кірген Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Елиманов ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл бойынша қабылданған шаралар жөнінде баяндады. ҚМА басшысы БЖЗҚ-дан жалған стоматологиялық қызмет көрсету арқылы 200 млрд теңгені заңсыз шығару фактілері анықталғанын жария етті.

Ізінше, қыркүйек айының ортасында жергілікті ақпарат құралдары Атырауға елордалан құзырлы органдардың топтары сау ете қалғанын және олар жете сала, кенауқымды тінту және тұтқындау шараларын бастағанын, сол себепті қаланың уақытша қамау изоляторлары аузы-мұрынан шыға толғанын хабарлады.

«Қамайтын орын қалалық полиция бөлімінде де, сондай-ақ облыстық департаментте де жетпей қалды. Сондықтан қолдарына кісен салынған адамдарды алыс аудандарға және тіпті тірек пункттеріне дейін жіберіп, таратуға тура келіп жатыр. Стоматологтер ісі бойынша ұсталғандардың саны 50-ге жуықтады. Істер бойынша өтетіндердің бір бөлігін елден кетпеу туралы қолхат алып, еркіндікке жіберген», — деп жазды жергілікті «Ақ Жайық» газеті.

15 қыркүйектен жергілікті соттар ұсталғандарға бұлтартпау санкциясын белгілеу туралы істерді қарауға кірісті. Күдікке іліккендердің оншақтысы тергеу оқшаулағышына қамалады, қалғаны үй қамағына жабылды, белгілі бір шектеулерді белгілейтін қолхатпен босатылды. Журналистер жергілікті Экономикалық тергеулер департаментінің аумағында да жағдай күрделі екенін хабарлады: автотұрағы қылмыстық іс аясында алып қойылған түрлі көлікке толды.

ҚМА зейнетақы салымшыларының ақшасына күдіктілер сатып алған және іс аясында алып қойылған 15 қымбат автокөлікті көрсетті. Жалпы құны 600 млн теңгеден асатын «темір тұлпарлардың» ішінде сән-салтанатты «сәйгүліктер» — Mercedes-Benz G-class, GLE, BMW X7, Porsche Taycan, Cadillac Escalade бар. Мұның сыртында тергеушілер күдіктілердің үйлерінде, пәтерлерінде, кеңселерінде, оларға қарасты басқа нысандарда тінту жүргізді. Олардың сатып алған зергерлік бұйымдарын, коммерциялық нысандарын, пәтерлері мен жер телімдерін уақытша тәркіледі.

Қаржылық мониторинг агенттігі прокуратураның үйлестіруімен Атырау облы-

ТІСКЕ ТИМЕГЕН ҚАРЖЫ ЕНДІ «ТҮСКЕ КІРЕДІ»



Елдос ҚАБА (қолжазба)

сында ауқымды жедел-тергеу іс-шараларын жүргізгені туралы хабарлар етті. Атап айтқанда, азаматтарға «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-ынан қаражатты шешіп алуына заңсыз жәрдем көрсеткен 5 қылмыстық топтың әрекеті әшкереленді.

— Ол үшін ұйымдастырушылар жалған құжаттарды рәсімдеу арқылы елдің әр өңірінде — Атырау, Астана, Алматы, Шымкент, Ақтау және басқа қалаларында орналасқан 30-дан астам стоматологиялық клиникаларды пайдаланған. Оның біразы — қағазда бар, іс жүзінде жоқ, халыққа ешқандай қызмет көрсетпеген жалған клиникалар. Олардың ғимараттары да, жабдықтары да, білікті қызметкерлері де болмаған. Клиникалардың басшылары мен құрылтайшыларының медициналық білімі де жоқ, — деп түсіндірді агенттік мамандары.

ШЫН МҰҚТАЖДАР ЗАРДАП ШЕКПЕЙ МЕ?

Талдау көрсеткендей, 222,61 млрд теңге зейнетақы жинағы елдегі небәрі 20 стоматологиялық клиникаға түскен. Бұл клиникалардың жартысы Атырауда, қалғаны Алматы мен Астанада орналасқан. Белгілі болғандай, жалғыз ғана Атырауда орналасқан клиникалардың біреуіне азаматтар зейнетақы жинақтарынан 22,9 млрд теңге аударды. Клиенттердің бірі БЖЗҚ-дағы жинағын 11 рет тіс емдеуге пайдалану үшін өтініш берген. Оның жалпы тіс емдеуге алған сомасы — 32,6 млн теңге. Егер бір имплант пен тіс тәжін орнату құны 500 мың теңге деп есептелсе, ол 65 имплант қоюға жетерлік қаражат алған.

Тағы бір клиент тісін емдеуге 24,7 млн теңге жұмсапты. Бұл қаражат «Отбасы банкінен» бірден стоматологияға аударылған. Келесі жағдайда клиент тіс емдеу үшін зейнетақы жинағының артығын пайдалануға 27 рет өтініш беріп, 13,1 млн теңге аударылған. Көбіне еліміздің түпкір-түпкірінде тұратын азаматтар тісін Атыраудағы стоматологияларда емдетуді таңдады.

Қарағанды тұрғыны Сергей Волков (тегі өзгертілді) алаяқтардың өзі қоңырау соққанын айтады: «Бірде маған бір кісі хабарласты. Қорда сыбайластары бар ма, әлде айналма жолдармен алды ма, БЖЗҚ-да жеткіліктілік шегінен асатын 6 миллион теңгеді жинағым барын біледі екен. «Бұл бос жатқан ақшаныңды шығарып алғыңыз келмей ме?» делі. Оны қалай жасауға болатынын сұрастырдым. Стоматологиялық қызметтер арқылы жасалады екен», — делі Сергей.

Телефонның ар жағындағы адам, мысалы, Израиль, Корея, АҚШ, Германияның әлемдік брендтерінің имплантанттарын құжат жүзінде «салып» беретінін, протездеу жүргізетінін жеткізген. Басқа емдеуі бар, жалпы сомасын 6 миллионға жеткізбек. «Ол ақшаның 30%-ын өздері алады, қалғанын маған береді. Ойласа келе бас тарттым. 180 мың теңгемді әлдекімге ұстата салғым келмеді», — дейді қарағандылық.

Оның айтуынша, схема келесідей болған: біріншіден, азамат біржолғы зейнетақы төлемін стоматологиялық қызметті тұтыну мақсатында пайдалану үшін «Отбасы банкіне» электронды өтініш беріп, ЭЦҚ-сымен қол қояды. Екіншіден,

БЖЗҚ өтініш негізінде 5 күнде төлемді азаматтың «Отбасы банкіндегі» арнайы шотына аударды.

Үшіншіден, қаржы түсе салысымен, жалған немесе сыбайлас «тіс клиникасы» ол азаматтың аузы «толған проблема» екені әшкереленгенін жазып, қаптаған диагноз қойып, қандай ем түрлері қажет екенін, әріне, ең қымбаттарын көрсетіп, құжаттар береді. Төртіншіден, сол құжаттар негізінде азаматтың тіркелген емханасы дәрігерлік-консультациялық комиссияның төлем себебін емдеуді қүптаған қорытындысын және бағытта-масын береді. Бесіншіден, комиссияның оң қорытындысы негізінде стоматологиялық клиника азаматпен келісімшарт бекітеді.

Міне, осы келісімшарт пен комиссия қорытындысы enpf-obasy.kz платформасына жүктеледі. 5 күн ішінде азаматтың құжаттарының толықтығын бір тексерген «Отбасы банк» оның арнайы шотындағы миллиондарын келісімшартта көрсетілген реквизиттер бойынша медициналық ұйымның банктегі шотына аударды.

Жалпы, Сергей әлдебір қомағай, пайдакүнем делдалға кезіксе керек. Себебі Қаржылық мониторинг агенттігі мамандарының әңгімелеуінше, алаяқтыққа барған клиникалар осы жалған медициналық құжаттың бәрін рәсімдегені үшін азаматтардан алған қаражаттың 10%-дан 20%-ға дейінгісін ғана сыйақысы ретінде ұстап қалып, ақшаның қалған 80-90 пайызын қолма-қол ақша түрінде жинақ иелеріне қайтарып отырған.

Қор мен банктен электронды күйде түскен ақшаны шығарылаған банктоттарға айналдыру үшін қылмыстық топтар 226 «дропперді» пайдаланыпты. Жалпы, ҚМА 200 миллиардтан астам қаржы қордың айналымынан шығарылғанын жеткізді. Сондықтан бүгінде қылмыстық жолмен алынған мүлікті іздегізуге жалғасты.

Сонымен бірге Қаржылық мониторинг агенттігі тергеу барысында тек зейнетақы активтерін заңсыз шығару схемасын ұйымдастырушылардың ғана әрекеттеріне құқықтық баға берілетініне, ал осындай жолмен өзінің зейнетақы қаражатын шешіп алған азаматтар қылмыстық жазаға тартылмайтынына уәде етті. Өйткені олар бөгденің емес, өзінің қордағы қаржысын алды.

Тіс клиникалары айналасындағы дау-жанжалдың кесірі өзгелерге тиді. Қазақстанда тісті емдетуі удай қымбат — имплантация, протездеу, тәж-коронка салғызу, көпір-мост бекіту және басқа қызметтер бірнеше миллион теңгеге түседі. Мысалы, дамыған елдерде тұрғындар осының бәрін медсактандыру себебінен алады. Ал Қазақстанда халық пен бизнес-тен миллиардтап қаржы жинайтын МӘСҚ медициналық сақтандырылған адамдарға да бұл істе еш көмектеспейді.

Салдарынан, шынымен бос жатқан зейнетақы жинағына тісін емдеткісі келетін адамдар анырап қалды. Алаяқтық жағдайлардың болуына байланысты Үкіметте Денсаулық сақтау, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Қаржы министрліктерінің және Қаржылық мониторинг агенттігінің қатысуымен бірқатар жиын өткізілді. Оның нәтижесінде, 2025 жылдың 15 қыркүйегінен 2026 жылдың 15 сәуіріне дейін enpf-obasy.kz платформасында тіс емдеуге өтініш қабылдау уақытша тоқтатылды. Осы күнге дейін берілген өтініштер әдеттегі тәртіппен қаралады. Артынша, Денсаулық сақтау министрлігі біржолғы зейнетақы төлемдерін осы қызметке пайдаланудан мүлдем бас тартуды қарастыратын жаңа бұйрық жобасын әзірледі.

БЖЗҚ-ның 2025 жылғы 1 қазандағы деретінше, зейнетақы жинақтарын стоматологиялық қызметтерге пайдалануға 2021 жылдан бері 1 022 978 қазақстандық өтініш беріпті. Олардың арнайы шотына 932 млрд 144 миллион теңге аударылды. Соның ішінен 134 420 азамат түскен ақшаны түрлі себеппен тіс емдетуге жұмсай алмапты. Тісінінше, олардың 88 млрд 522 млн теңгесі БЖЗҚ-ға кері оралды.

Қалай болғанда, кезекті рет алаяқтарға тегеурінді тосқауыл қоя алмаған шенеуніктер сол үшін бүкіл халықты игіліктен айырып отыр. Мысалы, осының алдында Еңбек министрлігі бір топ жас басданған әйелді «МӘСҚ қорынан жалған құжатпен миллиондап төлемакыны заңсыз алды» деп айыптап, қаралы аңаны қаппай жазалауға шешім қабылдады: бұдан былай бірде бір әйел, қанша жерден мол табыс тауып, жүздеген мың жарна аударса да, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры оған миллион теңге лайықты төлемакысын төлемейтін болды.

БІЗДІҢ СҰХБАТ

QAZAQ DIGITAL MEKTEBI: БІЛІМДЕГІ ТЕҢДІК КӨПІРІ

Қазіргі қоғамның жаңғыруы – жаңа технологияны меңгеру десек, әсіресе білім саласын цифрландырудың жөні бөлек. Жақында елімізде жасанды интеллектіні білім беру жүйесіне енгізудің ұлттық моделі бекітілді. Осы орайда біз Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының директоры Нәзипа Аюбаевамен сұхбаттасқан едік.



— Алдымен білім беру саласында жасанды интеллектіні қолданудың бірыңғай ұлттық стандарты туралы айтып берсеңіз...

— 2025 жылғы 23 қаңтардағы №12 бұйрықпен бастауыш және негізгі орта білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (ГОСО) өзгерістер енгізілді. Яғни, алғаш рет білім беру саласында жасанды интеллектіні қолданудың бірыңғай ұлттық стандарттары бекітіліп, оған этика, құқықтық реттеу, дербес деректерді қорғау және академиялық адалдық мәселелері қамтылды. Соған сәйкес жасанды интеллект элементтері білім беру мазмұнын жүйелі өзгертетін болады.

Жаңа стандарт негізінде «Цифрлық сауаттылық» және 5–11-сыныптарға арналған «Информатика» пәндерінің мазмұнына ЖИ тақырыптары қосылды. Бастауыш буында «Цифрлық сауаттылық» пәні арқылы алгоритмдер және қарапайым деректермен жұмыс істеу түсініктері берілуде. Мұнда сабақ дидактикалық материалдар (суреттерді сұрыптау, ойындар) арқылы түсіндіріледі. Негізгі орта буында «Информатика» пәнінде дерек-

тапсырмас құрал болып саналады. Сонымен қатар ЖИ сыныптағы әр оқушының пәндік, метапәндік және функционалдық сауаттылық мақсаттары мен құзыреттерін терең меңгеруіне арналған оқу материалдары мен тапсырмаларды дайындауға, әр баланы деңгейіне қарай бейімдеуге көмектеседі.

— Qazaq Digital Mektebi атты шағын жинақты мектеп үлгісі деген не? Бұл бағыт 2025-2029 жылдарға арналған білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні енгізу туралы тұжырымдамада қалай сипатталған?

— Qazaq Digital Mektebi — қашықтан оқыту мен жасанды интеллект технологиясына негізделген жоба. Жобаның мақсаты — ЖИ мен цифрлық шешімдер көмегімен шалғайдағы ауыл оқушыларына сапалы білім беру. Аталған бастаманың артықшылығы бастауыш мектептен бастап-ақ оқушылардың ЖИ сауаттылығын қалыптастырады, мұғалімдердің цифрлық және ЖИ құзыретін арттырады, әдістемелік материалдар мен онлайн ресурстар баршамызға қолжетімді болады. Ең басты артықшылығы — Qazaq Digital

Сабақ дайындау, кері байланыс тапсырмаларын тексеру, тест құрастыру, статистика шығару, оқушылардың үлгерімін талдау секілді күнделікті міндеттерін ЖИ көмегімен автоматты түрде орындайды. Нәтижесінде, мұғалім оқушылармен шығармашылық жұмысқа көбірек уақыт бөлетін болады.

— Ұстаздардың жасанды интеллект технологиясын меңгеру дағдысын қалыптастыру бағытында қандай жұмыстар атқарылып жатыр? Мұнда арнайы бірыңғай стандарт қарастырыла ма?

— ЖИ технологияларын меңгеру — мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің бөлігі. 2025 жылы 200 мыңнан астам педагог арнайы курстан өтіп, оның 140 мыңға жуығы куәлік алды. Мұғалімдер үшін арнайы біліктілікті арттыру курстары және әдістемелік қолдау жұмыстары жолға қойылды.

Оқу-ағарту министрлігіне қарасты «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы ЮНЕСКО-мен бірлесіп, халықаралық тәжірибе негізінде әзірленген бағдарламаны қазақстандық педагогтерге бейімдеді. Бағдарлама жасанды интеллектіні педагогтің орнын алмастырушы емес, кәсіби қызметін жеңілдететін сенімді құрал ретінде қолдануға бағытталған. Ол мұғалімге шығармашылыққа көбірек уақыт бөлуге мүмкіндік береді. Бағдарламаға еліміздің кез келген өңіріндегі педагог reg.orleu.edu.kz сайты арқылы тіркеліп, LMS платформасында өзіне ыңғайлы уақытта тегін онлайн қатыса алады. Оқыту үшденгейлі модель бойынша ұйымдастырылды. Базалық ЖИ-сауаттылық, пәнге кіріктіру, жобалық-зерттеу жұмыстары қамтылды. Курс барысында мұғалімдер ЖИ құралдарын тиімді әрі этикалық тұрғыда дұрыс қолдануды, промпт жазуды, сабақ жоспарлауды, тестілер мен оқу материалдарын әзірлеуді меңгерді. Ұлттық орталықтың USTAZ платформасында ЖИ бойынша онлайн курстар ашылды. Соңғы бір жарым айдың ішінде 262 мыңнан астам мұғалім жасанды интеллектіні білім беру процесінде тиімді пайдалану бойынша курстан өтіп, оның 193 мыңға жуығы куәлік алды.

Сонымен қатар Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы әдістемелік нұсқаулықтар мен ұсынымдар әзірлеп, ұстаздарға қолжетімді етті.

— ЖИ қолдану бойынша этикалық және академиялық адалдық ережелері дегеніміз не?

— Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ЖИ қолдану бойынша этикалық стандарттар мен академиялық адалдық ережелерін дайындады. Бұл құжаттар «Жасанды интеллектіні орта білім беру жүйесінде қолданудың этикалық стандарттары» және «Орта білім беру ұйымдарында академиялық адалдықты қамтамасыз ету ережелері» деп аталады. Академия ұжымы ЖИ-ді этикалық қолдану жөніндегі нұсқаулықты да әзірледі. Бұл — техникалық нұсқаулық емес, мұғалім қызметіне пайдалы құндылықтар жинақталған құжат. Мұнда мұғалімдер адалдық ережелерін қолдану жауапты пайдалану, авторлық құқықты сақтау, плагиаттан аулақ болу, дербес деректердің құпиялығын қорғау жолдары айқындалған. Біз ұсынып отырған ЖИ қолданудағы адалдық мәселесінде «Мұғалім — оқушыға ЖИ-ді сауатты пайдалануды үйрететін жетекші тұлға» деген қағидат сақталады.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

ЗЕРДЕ

Қазір ғалымдар мен сарапшылар күн тәртібіндегі өзекті мәселені шешу үшін халықаралық тәжірибеге сүйеніп, түрлі әдіс-тәсілді қолдануға көшкен. Солардың бірі – Almaty Air Initiative қоры түйіткілді алдын алу үшін қазір AI-технологияны сынақтан өткізіп жатыр. Бұл дегеніміз, шаһардағы ауа сапасы енді жасанды интеллект көмегімен анықталады. Америкада жасалған құрылғы Орталық Азия бойынша алғаш рет Алматыда орнатылды. Заманауи технологияға негізделген құрылғы шағын микроскоп пен арнайы магнитті лентадан тұрады. AI-алгоритмі лентаға жиналған бөлшектерді зерттеп, аллергияға тән заттарды ажыратуға мүмкіндік береді.

АУА САПАСЫН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АНЫҚТАЙДЫ

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ, Алматы қаласы



— Лентаға өлшемі 0,3 микроннан бастап қатты бөлшектер жабысады. Салыстырмалы түрде алып қарайтын болсақ, адам шашының қалыңдығы — шамамен 50-100 микрон. Әрбір минут сайын микроскоп лента-ны суретке түсіріп, жақыннан түсірілген көріністі серверге жолдайды. Сол жерде бөлшектер танылады. Бөлшектер лентаға корпустың арнайы тесігі арқылы түседі. Ал корпус металдан жасалған, себебі ол ішкі бөліктерді зақымданудан,



жауын-шашыннан және желден қорғайды, — деді Almaty Air Initiative қорының атқарушы директоры Жұлдыз Сәулебекова.

Аллергендер мен шаң-тозаң түрлерін ажырату үшін жасанды интеллект компьютерлік көру (Computer Vision) және машина арқылы оқыту (Machine Learning) әдістерін қолданады. Қарапайым тілмен айтқанда, сурет серверге жүктелгеннен кейін бағдарлама әрбір бөлшекті талдап, оны жүз мыңдаған өзге бейнелермен салыстырады. Зерттеу нәтижесінде, бөлшектің қай санатқа жататыны анықталады. Жұлдыз ханымның сөзінше, датчик көрсеткіші Алматыдағы күзгі ауа құрамында көбіне түрлі өсімдіктер мен ағаштардың тозаны (жусан, амброзия), көгерген санырауқұлақ споралары, құм және басқа да бөлшектер кездесетінін көрсеткен. Құрғақ климатқа байланысты Алматыдағы құрылғы Еуропа мен Америка қалаларындағы осындай датчиктерге қарағанда әлдеқайда көп шаң-тозанды тіркейді.

— Қазіргі уақытта әлемнің түрлі елінде орнатылған осындай датчиктерден күн сайын жаңа бөлшектер мен аллергиягендердің бейнелері базаға қосылып отырады. Сол себепті жүйе үздіксіз жетіліп, тану мүмкіндігін арттырады. Егер база ішінде сәйкес үлгі табылмаса, мамандар бөлшекті қолмен анықтайды. Әдетте мұндай санатқа құм түйіршіктері мен шаң жатады.

Деректер автоматты түрде әртүрлі елден жиналған үлкен ақпарат массивімен салыстырылады. Егер жүйе бөлшекті анықтай алмаса немесе қате атау берсе, оны қолмен тексеріп,



түзетуге мүмкіндік бар. Мысалы, 22 қыркүйекте құрал ауадағы жусан тозаңының күрт көбейгенін тіркеді. Дәл сол күні әлеуметтік желілерде көптеген қолданушы аллергиясының күшейгеніне шағымданды, сондай-ақ Алматы мен Алматы облысының тұрғындары тарапынан «аллергия» тақырыбына қатысты іздеу сұраныстары артты. Аллергологтар бұл кезеңде жусан гүлдеуінің екінші маусымы басталғанын атап өтті. Біз болашақта осы деректерді әдеттегі стандартты әдістеме бойынша микроскоп арқылы жасалатын дәстүрлі қол талдаумен салыстыруды жоспарлап отырмыз, — деді ол.

Құрылғы қаланың Сәтбаев — Байтұрсынұлы — Сейфуллин — Тимирязев көшесімен шектелген аумақтағы кеңсе шатырына орнатылған. Бұл орын сынақ кезеңін өткізуге өте қолайлы, себебі аталған аймақта көмір жағатын қазандықтар немесе фондық ластануды «бұр-

жолдарын тітіркендіріп, аллергиялық белгілер мен тыныс алу ауруларының жиілеуіне ықпал етеді. Жұлдыз ханымның пікірінше, мұндай технология қарапайым азаматтардан бастап, дәрігерлер мен зерттеушілерге, тіпті билік өкілдеріне де пайдалы болмақ. Қазір мамандар Алматы қаласында датчиктер желісін кеңейту үшін серіктестер іздестіріп жатыр. Олар келешекте мұндай тәжірибені Қазақстанның басқа қалаларында да қолдануға мүмкіндік бар екенін жеткізді.

— Қазір деректер кез келген қала тұрғыны үшін қолжетімді. Ол үшін www.dashboard.air.org.kz сайтындағы бөлшектерді талдауға арналған арнайы бөлімге кірсеңіз жеткілікті. Алдағы уақытта біз сайтты мобильді қосымшаға айналдыруды жоспарлап отырмыз. Сонда әрбір азаматтың ауа сапасы мен құрамына қатысты ақпаратқа оңай қол жеткізе алады. Болашақта мұндай деректер аллергия ауа-

Деректер автоматты түрде әртүрлі елдерден жиналған үлкен ақпарат массивімен салыстырылады. Егер жүйе бөлшекті анықтай алмаса немесе қате атау берсе, оны қолмен тексеріп, түзетуге мүмкіндік бар. Мысалы, 22 қыркүйекте құрал ауадағы жусан тозаңының күрт көбейгенін тіркеді.

малайтын» өзге де көздер жок. Құрылғы Алматыға тән аллергиягендерді дәл анықтап, қоршаған ортадағы өзгерістерді нақты тіркей алады.

— Құрылғы қаладағы жасыл желек мол шоғырланған аймақта орналасқан. Бұл да зерттеу үшін қолайлы жағдай жасайды. Деректер белгілі бір уақыт аралығында тұрақты түрде жиналады, бірақ нәтижелер әр сағат сайын көрсетіледі. Құрылғының жұмысы минус температураға дейін жалғасады. Қыс мезгілінде ол уақытша алынып, көктемде қайта орнына қойылады. Осылайша, деректерді жүйелі түрде жинақтау жұмысы жалғаса береді, — деді Ж.Сәулебекова.

Сарапшылардың айтуынша, жаңа технологияның әлеуеті Алматыдан бөлек, еліміздің өзге қалалары үшін де өзекті. Себебі ауа сапасының ластануы республика бойынша тыныс алу

сымының ұзақтығын дәл бақылауға, ауадағы бөлшектердің күрт көбеюін уақытылы анықтауға көмектеседі. Осы деректердің негізінде зерттеулер жүргізіп, аллергияның өршуін болжауға, халықты алдын ала ескертуге, қауіптен қорғану шараларын енгізуге болады, — деді Almaty Air Initiative қорының атқарушы директоры Ж.Сәулебекова.

Естеріңізде болса, осыған дейін Швейцарияның IQAir компаниясы жүргізген зерттеуде Алматы әлемдегі ең лас қалалардың ондығына енген еді. Тіпті, бірінші күні-ақ тізімнің 5-орнына жайғасқан. Бұл уақытта Алматыдағы ауа сапасының орташа көрсеткіші AQI (ауа сапасы көрсеткіші) 169 болды. Зерттеу қорытындысы бойынша, қаладағы түтін көлемінің деңгейі «денсаулыққа өте зиян» деп бағаланған.

7 ҚАЗАН 2025 | СЕЙСЕНБІ

Қазақ жастарының ғылым іздегендері шетелге кетіп жатыр. Өйткені сырт жақта бағы жанып, бабы келісіп жатса, елге оралмай қалып қояды. Оған себеп, әлеуметтік жағдай, ғылымға деген көңілдің айрықшалығында болып тұр. Жастардың басым көпшілігінің таңдауы – АҚШ, Еуропа елдері. Қазақстанда егемендік алған тұста елу мың ғылыми қызметкер болса, бүгінде оның саны екі есеге қысқарған.

ҒЫЛЫМ МЕН ҒАЛЫМ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысында ғылым-білім саласына игі істерге тоқталып, кейінгі бес жылда қолдаудың артқанын айтқан еді.

— Соңғы жылдары ұлттық ғылымды дамытуға айрықша көңіл бөліп жатырмыз. Бес жылда білім-ғылым саласына салынған инвестиция бес есе өсті. Зерттеу университеттері көбейде, олардың өндіріспен байланысы нығайып келеді. Қазір 300-ге жуық коммерциялық жоба қолға алынды. Осылайша, «Университет — зерттеу — инновация — коммерция» кешенді жүйесі орнығып жатыр. Бұл үрдіске күшті серпін беріп, оны таяу арада толығымен енгізу керек. Әлемнің 40 беделді жоғары оқу орнымен серіктестік орнаттық. Бүгінде елімізде 33 филиал ашылды. Технология парктері және инжиниринг орталықтары құрылуда. Ұлттық Ғылым академиясының беделі нығая түсетін болды. Әр аймақта Ғылым жөніндегі кеңестер жұмысқа кірісті. Ғалымдардың мүддесін қорғауға баса мән беріп отырмыз, — деді Мемлекет басшысы.

Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығының дерегінше, 1990 жылдары Қазақстанда жалпы саны 279 ғылыми мекемеде 50,6 мың ғылыми-техникалық қызметпен айналысатын ғалым болды. Ал 2000 жылдары 14,7 мың ғылыми-қызметкер қалған. Forbes-тің жазуынша, 1990-1994 жылдар аралығында ғалым саны 50,6 мыңнан 20,6 мыңға дейін қысқарған. Басты себептердің бірі: дағдарысқа байланысты мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаржының қысқаруы болды. Осылайша, ғылыммен шұғылданатын жас ғалымдардың едәуір бөлігі бизнеске, сауда-саттыққа қала берді шетел асты. Кейінгі жылдары мемлекеттің ғылымға қолдауының арқасында ғылыммен айналысатын адам саны 25 мыңды құрады. Ал жалпы кейінгі 10 жылда ғалым саны бір өсіп, бір кеміп отыр.

Қырғызстан Ғылым академиясының аспиранты, фольклорист Нұржұма



ШЕТЕЛ АСҚАН ЖАС ҒАЛЫМДАР

Елесбай ТМД елдері аумағындағы ғылыми кеңістікті салыстыра байыптады.

— Өзім М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында 15 жылдан бергі іргелі зерттеумен айналысамын. Академик С.Қасқабасов бастаған 100 томдық «Бабалар сөзі» көптомдығының кейінгі серияларына қатысып, А.Құнанбайұлы, Ш.Құдайбердіұлы сияқты және т.б. академиялық жинақтар мен монографияларға атсалысып келеміз. Сөйтіп жүргенде, елде 2010 жылы дәстүрлі кандидаттық, докторлық қорғау жабылды. Орнына Болон процесі еніп, әліге дейін әуре етіп жатыр. Ғалым ғылымға емес, рейтинг қуып шетелдік Scopus-қа мақала шығара алмай әлек. Ал ғылым бір мақаламен өлшенбейді, ол — табанды ғылыми-практикалық еңбектің нәтижесі. Нақты ғылым мен гуманитарияның екеуіне екі бөлек талап қажет. Әйтпесе, ғылымның ішкі үдерісі елеусіз қалады. Шынайы ғылым өркендемейді. Ондаған жыл ғылыми тәжірибем болса да, бюрократиядан өте алмай, қырғыз ағайындарда аспирантура оқып жүрмін. Былайша айтқанда, «арқа жайлы болса, арқар ауып несі бар?!». Жалпы, ғылымға түбегейлі реформа керек. Сонда жастар шетелге ағылмайды, отандық ғылымды дамытады, — деді Нұржұма Елесбай.

ЖАТ ЖҰРТТАН ЖҰМАҚ ІЗДЕГЕНДЕР

Әр уақытта алпауыт державалар өздерінің ғалымдарына барынша назар аударады. Әсіресе, ғылыми үдеріске ұмтылған, жанашыл жетістіктері мен

идеяны жүзеге асыра алатын жастарды өзіне тартады. Ғылымға барынша көңіл бөлетін АҚШ, Германия, Жапония сияқты бірқатар мемлекет қарыштап дамып жатыр. Тіпті Кеңес өкіметі де екінші дүниежүзілік соғыс кезінде әуелі ғылым-білім саласындағы білікті мамандарды эвакуациялаған. Ал әлем бойынша АҚШ ғылымға ең көп қаржы жұмсайтын елдердің көшін бастап тұр. Ашық дереккөздерде, 2022 жылы 679,4 млрд доллар бөлген. Одан кейін Қытай — 551,1 млрд доллар, үштікті 182,2 млрд доллар жұмсаған Жапония аяқтайды.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2024 жылғы қаңтар-желтоқсанда елге келгендер (ықтиярхат алған) саны 29 948 адамды құраса, елден 12 784 адам кеткен. Шетел асқан жастардың 70 пайызы білім-ғылым бағытында виза рәсімдеген.

Шетелде оқудың тиімділігі мен артықшылықтары туралы Ниде университетінде білім алып келген Тоғжан Анарбекқызы ой бөлісті.

— Өз күшіммен түрік тілін игердім. Басты мақсат — шетелде білу алу. Қыздар университетінде шетелде білім алмасу бағдарламасында жиын өтті. Содан Түркияға құжат тапсырып өтіп, оқып келдім. Ондағы білімнің сапасына риза болдым. Тіл-әдебиет бағытында білім алғандықтан, оқу процесінде «Орхон-Енисей жазбаларының текстологиясы», «Түркі халықтарының әдебиеті», «Тілдің ресми және қоршаған ортада қолданылуы», «Қорқыт ата» деген пәндерді оқып үйрендік. Оқу про-

цесіндегі ерекшелік білімнің терең әрі сала-салаға бөлініп оқығылатынында. Ал университет базасында «Мәдениет үйі», «Кітапхана», «Спорт үйірмесі», «Жатақхана», «Студенттер асханасы» бәрі-бәрі тегін екен. Егер де талапқа сай келмей, сабақ үлгерімі нашар болса, ол студент мұндай игіліктен бірден шеттетіледі. Ал магистратура, докторантурада ағылшын тілін білу міндетті емес. Бірақ шет тілін оқу процесі кезінде үйренуге тиіссіз. Сонымен қатар «Түркия гранттары» деген шетел студенттеріне арналған шәкіртакы барын білдім. Шетел асып көрген соң, ойша салыстырып, бағамдағаным осы болды, — деді ол.

ЖАС ҒАЛЫМДАРҒА ҚОЛДАУ АРТТЫ

Қазақстандағы жас ғалымдарға қолдау жасалып жатқандығы туралы деректер Премьер-министрдің ресми сайтында жарияланған. Мәселен, Жастарды ғылымға тарту мақсатында ҒЖБМ мен «Отбасы банкі» АҚ арасында жас ғалымдарға 2023-2027 жылдарға арналған жеңілдетілген несие беру бағдарламасы бойынша ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. «Отбасы банкі» АҚ келісім шеңберінде 2023 жылғы 1 желтоқсанда жас ғалымдарға арналған ипотекалық несие беру бағдарламасын іске қосты. Несиенің ең көп сомасы 20 млн теңгені, қарыз мерзімі 19 жылды құрайды. 2024 жылдың 8 айының қорытындысы бойынша 290 пәтер берілді. Бұл жас ғалымдарды Қазақстанда қалуға әрі елімізде ғылымды дамытуға қосымша ынталандырады. Өтеусіз негізде жас ғалымдарға 20 пәтер берілді. Ғылыми

кадрларды (PhD докторларын) даярлауда жағдай жасауға ерекше көңіл бөлінеді, докторантураға мемлекеттік тапсырыс 1,9 мың орынға дейін ұлғайтылды.

Қазақстанда ғылымды дамытуға және технологиялық саясатты іске асыруға, еліміздің бәсекеге қабілетін қамтамасыз ету үшін ғылыми жетістіктердің нәтижелерін енгізуге, сондай-ақ ғылыми қызметтің стратегиялық, кәсіптік және әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң қабылданды. Бұл да ғылымды қолдау үшін жасалған зор мүмкіндік.

Отандық жас ғалымдардың арасында ғылымды қолдауға арналған осындай кешенді бағдарламалардың шарапатын көріп жүрген жандар да баршылық. Соның бірегейі өнертану саласы бойынша Т.Жүргенов атындағы өнер академиясынан PhD докторлық қорғап, өнертану саласында жемісті қызмет істеп, Ғылым және жоғары білім министрлігінен тегін пәтер сертификатты алған Мөлдір Келсінбек елі.

— Көптен күткен докторлық дәреже-жемді қорғадым. Сонымен қатар ғылыми қызметкерлерді әлеуметтік қолдау тарапынан берілген тегін баспанға ие болдым. Осының бәрі ғылым саласындағы оң өзгерістердің, сонымен қатар мемлекет тарапынан ғылымға жасалып жатқан игі қолдаудың арқасы деп білемін. Мұндай қолдаулар ғылыммен айналысатын қазақ жастарына мол мүмкіндік, — дейді өнертанушы жас ғалым.

Қазақ халқының даналығында «өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол» дейді. Әрине, талпынысқа талас жоқ. Дей тұрғанмен, өзіңнің ата-қонысын өзіне құт. Шетелдің мәдениеті, өмір сүру дағдысы, тілі мен ділі бөлек. Шетелде оқып үйреніп, жиған тәжірибені Отанға сіңіру — абырой мен парыз.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ

БІЛІМГЕ АПАРАР «ЖОЛ»

Қазақстан соңғы жылдары білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеруге ерекше мән беріп келеді. Бастама қазірдің өзінде өз нәтижесін бере бастады. Мәселен, соңғы бір жылда шетелдік студенттер 30 миллиард теңгеден астам қаражат жұмсап, ел экономикасына өз үлесін қосқан. Демек, бұл бағыт тек академиялық бедел мен әралуан мәдениетті арттыруға емес, сонымен қатар экономикалық әлеуетті күшейтуге де ықпал етуде. Ғылым және жоғары білім министрлігі ұсынған мәліметке сүйенсек, 2024-2025 оқу жылында еліміздегі жоғары оқу орындарында 28,5 мың шетелдік студент білім алған. Бұл көрсеткіш алдыңғы жылмен салыстырғанда 12,8 пайызға көп. Мұндай өсім тек оқу саласының ғана емес, тұтастай экономиканың дамуына да әсер етіп отыр.

Туризмнің түрі көп, ал оның ішінде бүгінде белең алған бір үрдіс — академиялық туризм. Әлем елдері, әсіресе Канада, Аустралия, Ұлыбритания сияқты мемлекеттер, халықаралық білім нарығын табыс көзіне айналдырған. Студенттер болса білім экспортының басты драйверіне айналып отыр. Қазақстан да осы бағытқа бет бұрды.

ЮНЕСКО-ның статистикалық деректеріне сүйенсек, ХХІ ғасырдың басында халықаралық студенттік мобильділік айтарлықтай өскен. 2000 жылы шетелде оқитын студенттердің жалпы саны 2 миллион болса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 6 миллионнан асты.



Мұнша азамат қай өңірдің тұрғыны болды дерсіз. Бұл туралы жоғары оқу орнына түсу бойынша маман Алина Әмірзақ мынадай сипаттама берді.

— Географиялық таралу бойынша таразыласак, ең негізгі «донор» елдер — Қытай, Үндістан, Вьетнам, Нигерия және Пәкістан, ал негізгі қабылдаушы елдер — АҚШ, Ұлыбритания, Аустралия, Канада және Германия болып отыр. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы 2022 жылы шетелдік студенттердің төрттен бірі білім алу үшін ағылшынтілді елдерді таңдаған. Азия және Шығыс Еуропа білім орталықтарынан бәсекелестік күшейгеніне қарамастан, АҚШ пен Ұлыбританияда жетекші орындар сақталған. Дәл осындай дәстүрлі академиялық орталықтар (АҚШ, Ұлыбритания, Канада) әлі де нарықтың едәуір бөлігін ұстап тұрғанымен, білім беру қызметтерінің аймақтану үрдісі байқалады. Қытай, Оңтүстік Корея, Малайзия, Түркия және Біріккен Араб Әмірліктері өздерінің ұлттық білім беру жүйелерін дамытуға, халықаралық стандарттарға сай академиялық бағдарламалар мен инфрақұрылым жасауға елеулі инвестициялар салуда, — дейді ол.

“**Министрліктің стратегиясында 2028-2029 жылдарға қарай шамамен 100 мың шетелдік студентке қызмет көрсету жоспары бар. Алдын ала есеп бойынша, бұл елдің жоғары білім беру жүйесіне жыл сайын шамамен 1 триллион теңге кіріс әкеледі.**”

Future marketing insights орталығының сарапшылары 2025 жылы аталмыш нарық көлемі 754,6 миллиард АҚШ долларына жетеді деп болжап отыр, ал 2035 жылға қарай ол 3,7 трлн долларға өседі деп күтілуде. Бұл болжам кезеңінде саланың орташа жылдық өсімі 17,2% болмақ.

«Білім беру туризмі, яғни тәжірибе алу мақсатында жасалатын сапарлар, қазіргі таңда қарқынды дамып келеді. Себебі

студенттер, мамандар және тұрақты түрде білім алғысы келетін адамдар барынша шетелде білім алу мүмкіндіктерін қарастырады. Бұл нарыққа оқу сапарлары, мәдени алмасу бағдарламалары, тілдік ортаға ену курстары және кәсіби біліктілікті арттыру бағдарламалары кіреді. Нарықтың өсуіне білім беру саласындағы жаһандану мен мәдениаралық оқуға сұраныстың артуы елеулі әсер етуде. Халықаралық білім беру мекемелеріне қолжетімділіктің кеңеюі студенттерді шетелде білім алып, жаңа тәжірибе жинауға ынталандырады, — дейді сараптама орталығының мамандары.

Бұл тренд арқылы біреу білімін толықтырса, жоғары оқу орындары қазынасын толтырады. Өйткені шетелдік студенттер төлейтін оқу ақысы университеттердің бюджетіне тікелей түседі, бұл өз кезегінде инфрақұрылымды жақсартуға, жаңа зертханалар мен оқу бағдарламаларын дамытуға мүмкіндік береді. Мәселен, халықаралық аккредитация алған университеттер шетелдік түлектерге арналған жана виза жүйесін ұсынуда. Салалық ведомство басшысы Саясат Нұрбек атап өткендей, бұл іс-шара шетелден келген үздік түлектердің елде қалып, еңбек нарығына қосылуына жағдай жасайды. Демек, білім — тек әлеуметтік сала емес, экономикалық ресурстың да қуатты көзіне айналуда.

«Министрліктің стратегиясында 2028-2029 жылдарға қарай шамамен 100 мың шетелдік студентке қызмет көрсету жоспары бар. Алдын ала есеп бойынша, бұл елдің жоғары білім беру жүйесіне жыл сайын шамамен 1 триллион теңге кіріс әкеледі. Осылайша, біз университеттеріміздің дамуына арналған бюджет қалыптастырамыз. Қазір біз шетелден келетін студенттер санын арттыру бағытында жұмыс істеп жатырмыз. Бұл — жақсы табыс көзі. Биылғы оқу жылында Қазақстанға 31,5 мың шетелдік студент келіп, шамамен 30 миллиард теңге әкелді. Бұл — тарихи рекорд», — деді ол.

Көбіне шетелдік студенттер тек қазақстандық емес, халықаралық деңгейде мойындалған университеттерді тандайды. Олардың 90%-дан астамы инженерлік-техникалық бағыттарды, мысалы: ауыл шаруашылығы, энергетика, машина жасау, көлік және смарт-технологиялар саласында оқиды.

Министрдің сөзінше, студенттердің ішінде 12 мыңнан астамы Үндістаннан келген. Сонымен қатар биыл Ресейден 3 мыңнан астам, Қытайдан 2 мыңнан астам жас оқуға келген. Моңғолиядан да студенттердің ағымы артып жатыр. Бұған қоса Нигерия, Франция, Германия, Италия, АҚШ пен Аустралиядан алғаш рет студенттер келді.

Экономистердің есебінше, бір шетелдік студенттің жылдық тұтыну шығыны орта есеппен 4-6 мың АҚШ долларын құрайды. Ал халықаралық статистикаға қарасақ, бір шетелдік студент орта есеппен бірден бір жарым жұмыс орнын қамтамасыз етеді. Бұл қаражат қоғамдық тамақтану, көлік, киім, тұрмыстық техника мен мәдени қызмет салаларына жұмсалады. Сонымен қатар халықаралық студенттердің көп келуі арқылы Қазақстан мәдени тұрғыда да ашық, толерантты қоғам бейнесін қалыптастырады. Бұл, өз кезегінде, туристік және имидждік тұрғыда елдің тартымдылығын арттырады.

Бұл қарапайым туристік сапардан әлдеқайда тиімді, себебі студенттер оқумен қатар күнделікті тұрмысына ақша жұмсайды. Биылғы жылы 31,5 мың шетелдік студент жатақхана жалдау, тамақтану, көлік, бос уақыт және білім беру қызметтері арқылы Қазақстан экономикасына қосымша кіріс әкеліп отыр.

Алматы, Астана және Шымкент қалаларында студенттер санының артуы пәтер жалдау нарығына да әсер етеді. Себебі шетелден келген студенттердің көбісі пәтер немесе бөлме жалдайды, бұл сұранысты күшейтіп, жалдау құнының өсуіне түрткі болды.

Бірақ бұл үрдістің жағымды жағы да бар: университеттер жаңа жатақхана салуға, жеке инвесторлар студенттік кампустарға қаржы салуға қызығушылық танытуда. Осылайша, білім беру инфрақұрылымы тек оқу орындарының емес, құрылыс және қызмет көрсету салаларында да дамуына жол ашып отыр. Егер Қазақстан шетелдік студенттер үшін қолайлы экожүйе қалыптастырып, академиялық сапа мен тұрмыс жағдайын тең үйлестіре алса, онда ел тек аймақтық емес, халықаралық білім орталығына айналуға толық мүмкіндігі бар.

Кәмила ДҮЙСЕН



ИНДУСТРИЯЛЫҚ СЕРПІЛІС: АТЫРАУДА ІРІ ӨНДІРІС ОШАҚТАРЫ ІСКЕ ҚОСЫЛУДА

Атырау облысы еліміздің өңдеуші өнеркәсіп пен мұнай-газ химиясы саласындағы стратегиялық орталығына айналып келеді. Соңғы жылдары өңірде бір мезетте бірнеше ірі жоба жүзеге асырылып жатыр. Солардың қатарында – «Атырау» индустриялық паркі мен жылына 1,25 миллион тонна полиэтилен өндіретін зауыттың құрылысы бар. Бұл жобалар Қазақстан экономикасының әртараптандырылуына, экологиялық өндірістің дамуына және экспорттық әлеуеттің артуына тікелей әсер етпек.

Баян ЖАНҰЗАҚ,
Атырау облысы

«АТЫРАУ» ИНДУСТРИЯЛЫҚ ПАРКІ: ҚАЛДЫҚТАН – ДАЙЫН ӨНІМГЕ ДЕЙІН

Аталған индустриялық парк қайта өңдеу, материал өндіру және дайын өнім шығару бағыттарын біріктіретін бірегей платформа болмақ. Бүгінде жоба аясында алты өндірістік кәсіпорын қолға алынған. Олардың екеуі 2025 жылы іске қосылды, қалған төртеуі 2026 жылы іске қосылады деп жоспарланып отыр.

Биыл қыркүйек айында іске қосылған «Фибратекс» зауыты ПЭТ-флекс пен штапельді талшық өндіруде. Бұған дейін мамырда жұмысын бастаған «Талшыктекс» цехы полипропиленнен тоқылған геоматериалдарды шығарып жатыр.

Келесі жылы іске қосылатын кәсіпорындар қатарында

«Геофлекс» – полиэфирлі геосинтетика өндірісі;

«АКЗ» – гофрокартон өнімдерін шығару өндірісі;

- «ЗапКазПродукт» – ПЭТ-степленталар өндірісі;

- «Аквалид Казахстан» – су тазарту құрылғыларын құрастыру өндірістері бар.

Жалпы, инвестиция көлемі – 4,6 млрд теңгеден асады, нәтижесінде 300-ге жуық жана жұмыс орны ашылады деп күтілуде.

ТИІМДІЛІК КЕПІЛІ

Парктің басты ерекшелігі – түйық технологиялық цикл. Мұнда бір зауыттың өнімі екіншісі үшін шикізат ретінде пайдаланылады. Мысалы, «ИнтаПласт» зауыты екінші рет қолданылатын шикізаттан полиэтилен грануласын шығарады. Ал «Фибратекс» бұл шикізатты ПЭТ-флекс пен штапельді талшыққа айналдырады.

«Біз КРІ компаниясынан өтпей қалған тауарларды алып, арнайы технологиямен қайта өңдейміз. Бұл дайын гранулаға қарағанда анағұрлым арзанға түседі. Мақсатымыз – толықтай отандық шикізатқа көшу», дейді «Интаго» компаниялар тобының басшысы Азамат Асылбеков.

ЭКСПОРТҚА ЖОЛ АШЫҚ

Индустриялық парк өнімдері ішкі нарықта ғана емес, шетелдерде де жоғары сұранысқа ие. Мәселен, «Талшыктекс» компаниясы өндірген геоматериалдың 90 пайызы Ресейге экспортталады. Ай сайын 400–500 мың шаршы метр өнім өндіріледі. Кәсіпорын алдағы уақытта екінші цех ашып, биіг-бөгтер мен вагон



қаптамаларын шығару арқылы өнім ауқымын кеңейтуді көздеп отыр.

Жоба аясында экологиялық тазалыққа баса мән беріледі. Соңғы айларда 60 тонна ПЭТ-бөтелке және сонша пластмасса қалдықтарын жиналды. Жакын арада облыс аудандарынан макулатура жинау да басталмақ. Екінші және алғашқы шикізатты

араластыра отырып, жоғары сапалы өнім өндіру мүмкіндігі артууда.

Полиэтилен зауыты: Қазақстандағы ең ірі мұнай-газ химия жобасы

Атырау облысында салынып жатқан полиэтилен зауыты – еліміздің индустриялық әлеуетін арттыратын флагман жоба. Жобаны «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, Sinopec Overseas Investment Holding және «СИБУР Холдинг» ПАО бірлесе жүзеге асыруда. Жана зауыттың қуаттылығы – жылына 1,25 млн тонна полиэтилен өндіруге жетеді.

Қазіргі таңда 15 038 қазықтың 9 663-і (64%) қағылып, 2 486 м³ бетон құйылған (жоспар – 5 000 м³). Қазан айында инженерлік желілер тартылып, қараша темірбетон конструкцияларын орнату жұмыстары басталады. 2026 жылдың көктемінде ұзақ өндіріс циклімен жасалатын жабдықтар жеткізілмек.

ЖАҢА ЖОБАЛАР – ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ

Атырауда жүзеге асып жатқан бұл жобалар өңірлік және ұлттық экономиканың драйверіне айналмақ. Жобалар іске қосылған жағдайда Атырау экономикасында импорт көлемі азайып, экспорттық бағыт

күшейеді деп күтілуде. Сондай-ақ жергілікті шикізат пен еңбек ресурстарын тиімді пайдалануға, экологиялық өндірісті дамытуға жол ашылады.

Атырау – өндіріс пен тұрақты дамудың үлгісі ретінде елімізге ғана емес, бүкіл Орталық Азияға үлгі боларлық бағытта дамып келеді.

БИЗНЕСТІҢ БАҒЫТЫ АЙҚЫНДАЛҒАН БАСҚОСУ

«АМАНАТ» партиясының Қарағанды облыстық филиалы алаңында «Шағын және орта бизнесті дамыту: сын-қатерлер, мүмкіндіктер, қолдау» тақырыбында Кәсіпкерлер форумы өтті. Форум билік пен бизнес арасындағы ашық диалог алаңына айналды. Басқосық облыстың әртүрлі қалалары мен аудандарынан келген 200-ден астам шағын және орта бизнес өкілдері, сондай-ақ Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Ермек Алпысов, Кәсіпкерлер палатасының директоры Ернар Күлпейсов, Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Азамат Сүлейменов, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері мен мәслихат депутаттары қатысты.



Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Жиында шағын және орта бизнесті дамыту, мемлекеттік және мемлекеттік емес қолдау шараларын жетілдіру, әкімшілік келергілерді азайту, сондай-ақ білікті кадрларды даярлау мәселелері талқыланды. Алдымен Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Ермек Алпысов шағын және орта бизнестің өңір экономикасының негізі екенін атап өтті. Ол қолайлы бизнес-орта қалыптастыру, инфрақұрылымды дамыту және кәсіпкерлерге нақты құралдар ұсыну бағытында жүйелі жұмыстың маңыздылығына тоқталды.

– Бизнес – мемлекеттің сенімді серіктесі. Жаңа ынтымақтастық форматы кәсіпкерлікті барлық деңгейде жүйелі қолдау тетігін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ашық диалог пен өзара іс-қимыл арқылы ғана өңір экономикасын тұрақты дамытуға қол жеткізе аламыз, – деп атап өтті Ермек Алпысов.

Өз кезегінде өңірдің Кәсіпкерлер палатасының директоры Ернар Күлпейсов Палата қызметінің нәтижелері мен қолдау шаралары туралы баяндады.

– Өңірде кәсіпкерлердің бірқатар өзекті мәселесі шешілді. Оларды қолдау мен құқығын қорғау жұмыстары күн сайын жүргізілуде. Бизнес субъектілерінің құқығы мен заңды мүддесін қорғау – Палата жұмысының негізгі бағыттарының бірі. Біз мемлекеттік органдармен, партиямен және кәсіпкерлермен бірлесе жұмыс істейміз, – деді Ернар Дауылұлы.

«АМАНАТ» партиясы облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков партия кәсіпкерлікті дамытуды стратегиялық басымдық ретінде қарастыратынын атап өтті. Оның айтуынша, ШОБ – өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды қозғаушы күші, жаңа жұмыс орындарын ашатын тірек сала.

– Партия Төрағасы Ерлан Жақанұлының тапсырмасымен партиямыздың облыстық және аумақтық филиалдарында үйлестіру кеңестері құрылды. Бұл кеңестер бизнес қауымдастығы мен билік арасындағы байланыс пен өзара әрекеттестікті нығайтуға, ортақ шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді, – деді Бекзат Алтынбеков.

Форум барысында «Құқықтық көмек», «Қарызсыз қоғам», «Ауыл аманаты» партиялық жобалары бойынша сараптамалық кеңестер, өңірдің табысты кәсіпкерлерінен шеберлік сабақтары өтіп, салықтық әкімшілендіру, қаржылық сауаттылық және бизнесті цифрландыру тақырыптары талқыланды.

Сонымен қатар «Сурақ-жауап» сессиясы барысында кәсіпкерлер билік пен партия өкілдеріне тікелей жүгініп, салықтар, қолдау шаралары мен мемлекеттік бағдарламаларға қатысу шарттары бойынша сауалдарын қойды.

Форум бизнес пен билік арасындағы ашық диалогтың маңыздылығын тағы бір мәрте айқындады. Кездесу қорытындысы бойынша, кәсіпкерлік мәселелері жөнінде ұсыныстарды қарастыратын және шешімдер қабылдайтын «АМАНАТ» партиясы жанынан Бірінғай үйлестіру кеңесінің құрылатыны жөнінде жарияланды.

Кәсіпкерлер форумы аясында Қарағанды облысы әкімдігі мен «АМАНАТ» партиясының облыстық филиалы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Құжат билік пен бизнестің серіктестігін нығайтуға, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға, инвестиция тартуға және өңір экономикасына цифрлық шешімдерді енгізуге бағытталған.

Ал кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті қолдау жөніндегі үйлестіру кеңесі кәсіпкерлердің мәселелерін зерделеп, нақты ұсыныстар әзірлеумен және бірлескен жобаларды іске асырумен айналысады. Кеңес билік, партия және бизнес өкілдері арасындағы тұрақты диалог алаңына айналмақ.

– Ынтымақтастық туралы меморандум мен Үйлестіру кеңесінің құрылуы – билік пен бизнестің жүйелі әріптестігін қалыптастырудағы нақты қадам. «АМАНАТ» партиясы ерқашан ашық диалог пен әділ шешімдерді қолдайды. Біздің мақсатымыз – өңір экономикасын дамытуға үлес қосып жүрген әрбір кәсіпкерді қолдау, – деді «АМАНАТ» партиясының Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков.

Шара соңында жас кәсіпкерлерге «Шағын және орта бизнес үшін цифрлық маркетинг» атты 8 апталық оқу бағдарламасына қатысу сертификаттары табысталып, партия қатарына жана мүшелер қабылданды.

ҚАҢҒЫБАС ИТКЕ «ҚҰРЫҚ» БОЛМАЙ МА?

Бұл бағыттағы жұмыстар қанша мәрте сынға алынса да, түйткілдің түйіні тарқамай отыр. Жауаптылар «қаңғыбас иттерді аулап жатырмыз» дегенімен, одан жапа шеккендердің саны азаймауда. Биылдың өзінде Тараз қаласында 507 адам итке таланған. Бұл санаға салмақ салатын статистика. Сонда қаңғыбас иттердің ауланып жатқаны көзбояушылық болғаны ма?

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Бұған дейін қаңғыбас иттердің көп жүретін жерлері көпқабатты үйлердің ауласы болатын. Алайда кейінгі кездері иесіз иттер саябақтар мен негізгі көшелерге дейін шығып, орталық алаңға да жетті. Орталықта облыс пен қала әкімдігінің ғимаратынан бастап, барлық мемлекеттік мекеме орналасқан. Сала мамандарының жүйесіз жұмысының көрінісі – осы. Яғни, қаңғыбас иттердің бақылаусыз кеткені соншалық, олар ит аулаушыдан да, басқасынан да қорықпайтын күйге жетті. Ал одан тұрғындар жапа көріп, мектеп жасындағы балалар итке талануда.

Алдыңғы жылы Қаратау қаласында 7 жасар баланы қаңғыбас ит талап, оның бет-аузын және екі аяғын қатты жаракаттағанын ел ұмытқан жоқ. Бала ес-түссіз күйде ауруханаға жеткізілді. Дәл солай Шу ауданында болған жағдай да бүкіл облысты дүрліктірді. Оқиға кезінде жаракат алған қызды жедел жәрдем қызметкерлері көтеріп алып бара жатқан сәт бейнежазбаға түсіп, әлеуметтік желілерде кең таралды. Қансыраған қыздың әлсіз дауысы мен ауырсынып ыңырсыған сөті талайдың жүрегін ауыртып, көптің көзіне жас үйірді.

Ал Тараз қаласы «Барысхан» алқабында бір ит мектеп оқушысына шабуыл жасағаны ата-ананың үрейін алды. Сол оқиғадан екі-үш күн бұрын Айша бибі ауылында топтасқан қаңғыбас иттер мүмкіндігі шектеулі бір қызды талап тастаған еді. «Шалғай Қарасу» алқабының тұрғындары да күн ұясына батысымен көшеге шығудан қалғандарын айтып дабыл қакты.

– Кейінгі кезде қалада қаңғыбас иттердің қаптап кетуі бәрімізді алаңдатып отыр. Әсіресе, мектеп жасындағы балаларымыздың қауіпсіздігіне қорқыныш күннен күнге күшейіп барады. Таңертең мектепке аттанған балаларымыздың қаңғыбас иттерден аман жетуін тілеп отырамыз. Балаларымыз сабақтан кейін еркін ойнаудың орнына, жан-жағына үреймен қарап, ит көрсе шошып, қашып жүретін болды. Сондықтан біз тиісті органдардан нақты әрі шұғыл шаралар қабылдауды сұраймыз. Қаңғыбас иттерді бақылаусыз көбейте бермей, заң аясында қауіпсіздік жұмыстарын күшейтіп, әсіресе, мектеп маңын қалағалау қажет, – дейді Тараз қаласының тұрғыны Сұңкар Тілеп.

Жамбыл облысы әкімдігінің ветеринария басқармасының ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Талғат Қожабергенов қаңғыбас иттердің көбеюі – ит иелерінің жауапсыздығы деп отыр.



– Қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жануарлардың иелері иелігіндегі жануарларын ветеринариялық-санитариялық, гигиеналық талаптарды сақтай отырып, асырауға және ұстауға, есепке алуға, уақытылы вакцинация жасатуға, қоршаған ортаның, қоғамдық орындардың ластануына жол бермеуге және тұқым алу қажет болмаса өз қаражатынан үй жануарларына кастрация немесе стерилизация жасатуға міндеттелген, – дейді баскарма өкілі.

Оның айтуынша, 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап тұрғындар үй жануарларын тіркеуге міндетті. Тіркеу үшін ветеринарлық клиникалар мен мекемелерге жүгінуге тиіс. Чиптер, болустер немесе басқа сәйкестендіру бұйымдары орнатылғаннан кейін жануар туралы мәліметтер «IT-cog» ақпараттық жүйесіне тегін енгізіледі. Өткен жылы «IT-cog» де-

рекордына барлығы – 4 111, ал биыл 8 айда 5 701 ит тіркелген.

Мамандар қаңғыбас иттерді аулаудың өзіндік заңдылығы бар екенін алға тартады. Мәселен, қазір иттерге атыс қаруын қолдануға тыйым салынған. Яғни, қаңғыбас ит болса да оның денесіне жаракат салуға болмайды. Аулау гумандық әдістерді, атап айтқанда, құрық және торларды қолдана отырып жүргізіледі. Егер жануар адамдардың денсаулығына қауіп төндірсе немесе құтырған болса ғана ұяқтататын препараттар пневматикалық шприцтер арқылы салынады.

Гуманды түрде ауланған қаңғыбас иттердің жана иелерін іздеу мақсатында олар уақытша ұстауға жіберіледі екен. Қаңғыбас иттерді күтіп-ұстау аз қаржыны қажет етпейтіні белгілі. Ал бұл бюджеттің бір бұрышына түскен салмақ. Есесіне, қаңғыбас иттерден

жапа шеккендерін айтып, шағымданып жатқан халықтың саны күн санап артууда. Мәселен, биыл 8 айда «Жамбыл 109» диспетчерлік орталығына түскен өтініштер бойынша облыс аумағында 15 998 бас қаңғыбас ит ауланған. Ал Тараз қаласында өткен жылы 10 414 ит ауланған болса, биыл әзірге 8 009 итті қамаған.

Қазір Тараз қаласымен қосқанда Мойынқұм, Жуалы, Байзақ, Сарысу, Жамбыл, Меркі және Талас ауданында питомниктер жұмыс істеп тұр. Ал Т.Рыскулов, Шу, Қордай аудандарында ит ұстайтын орындардың құрылысы жүргізілуде. Жарайды, жан-жануарға қатысты бұл шараларды күл көрейік. Алайда питомниктер ашқаннан мәселе шешімін тауып жатыр ма?

Алдыңғы жылдары қаңғыбас иттерді атыс қаруымен аулау жүйесі қолданыста бар еді. Алайда өткен жылы «итімді атып кетті» деп бір тұрғын шу шығарғаннан кейін, ит аулаушыларға айыппұл салынып, тіпті қылмыстық іс қозғала жаздаған. Содан кейін ветеринария саласына қызметке тұруға ниетілердің саны күрт азайып, ит аулаушылар «мұндай жұмысы құрысын» деп қолдарын бір сілтеп кеткен. Сол жағдайдан кейін қала көшелерінде ит аулап жүрген мамандарды көрмейтін болды. Ветеринария басқармасы ресми 6 маман ит аулауды ретінде мекемеде тіркелгенін айтқанымен, олардың бүгінде қарасы да байқалмайды. Демек, салаға қызметке келуге құлықтылар жоқтың жасы деген сөз. Өрине, байыбына бармай жатып байбалам салудан аулақпыз. Алайда иттердің құқығын қорғайтын заң болса, адамдардың қауіпсіздігін кім қамтамасыз етеді?

7 ҚАЗАН 2025 | СЕЙСЕНБІ

Соңғы уақытта ел біріншілігінде ойын көрсететін қызылордалық «Қайсар» футбол клубының аяқалысы көптің талқысына айналып тұр. Биылғы науқаннан бастап легионерден түбегейлі бас тартқан жергілікті клубтың келешегіне алғашында күмәнмен қарағандар аз болмады. Алайда қаржы үнемдеу мақсатында батыл қадамға барған қызылордалық команда жаман нәтиже көрсетіп жүр деп айтуға келмейді.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Бұған дейін түрлі қиындықтан көз ашпаған қызылордалық клубтың болашағына көпшілік күмәнмен қарады. Ең бергісі, клубтың қаржылық мәселесі шешімін таппай, жүйелі ойын өрнегін көрсетуіне көп кедергі келтіргені ел есінде.

Осы орайда сәл кейінге шегініп, клубтың тарихына көз жүгіртіп көрейік. Мәліметке сәйкес, жергілікті команда 2016 жылы қаржылық қиындыққа тап болды. Соның салдарынан бірінші лигаға түсіп қалған клуб үлкен еңбектің арқасында премьер лигада ойнауға қайта мүмкіндік алды. Нәтижесінде, 2017 жылы үздік алтылықтан көрініп, жоғары ойын өрнегін таныта білді. Сол кезеңде клубта жоғары деңгейлі легионерлер доп тепті. Олардың қатарынан бір кездері Аякс клубының мақтанышы болған Джон Джошуа, Армения құрамасының ойыншысы Тигран Барсегян, Андерлехттің түлегі Куле Мбомбо сияқты мықтыларды ерекше атап өтуге болады. Сонымен қатар Сыр футболының мақтанышына айналған Мақсат Байжанов, Асхат Тағыберген секілді аяқдопшылардың ойын өрнегі өз алдына бір төбе.



Сол кездері қаржылық қиындықтың құрсауында қалған команда көптеген кедергіге тап болды. Тіпті, жаңа ойыншылар алуға шектеу қойылып, «трансферлік банға» іліккен кездері де бой көрсетті. Соған орай қиындықтан шығудың түрлі тетігі қарастырыла бастады.

Жанкүйерлер жадында болар, былтыр ел аузында сырбойылық клубтың сатылымға шығарылғалы жатқаны жайында ақпарат желдей ескен болатын. Мұны сол кездері клуб басшылығы да растап, тіпті клуб пен оның базасының құны 1,6 млрд теңгеге бағаланып отырғанын да жеткізген еді. Осы арқылы сатып алушы тарап команданың 51 пайыз меншік иесі атанса, қалған 49 пайызын мемлекет меншігіне қалдыру жоспарланып отырғанын да түсіндірген. Алайда бұл ақпарат бойынша нақты нәтиже болған жоқ.

Бертін келе Қызылорда облысы әкімінің табанды шешімімен «Қайсар» клубы легионерлерден түбегейлі бас тартты. Бұл жанкүйерлерге бірінші кезекте қаржы үнемдеуге негіз болатын батыл бастама ретінде түсіндірілді. Футбол жанашырлары мұны құптарлық қадам ретінде қабылдап, «Дала қасқырларының» сыналатын да, шындалатын да сәті туғанын айтып жатты.

Футбол клубтарын жекешелендіру бойынша Мемлекет басшысының биылғы Жолдауында да кенінен көрініс тапқаны белгілі. Соның ішінде еліміздегі футбол клубтарын жекешелендіру ісін күшейтуді тапсырған болатын. Соған сәйкес, ашық дереккөздерден кейбір өңірлерде жергілікті клубтарды жеке-



ҚАРЫМЫ ҚАЛАЙ?

шелендіру бойынша тиісті жұмыстар жүргізіле басталғаны айтылып жүр. Оның қатарында қызылордалық команданың да аты аталып қалды.

Соған сәйкес, клуб басшылығынан «Қайсар» футбол клубы төңірегінде айтылып жүрген ақпараттың ақ-қарасын анықтап көрдік. Жергілікті клубтың баспасөз қызметі әзірге команданы жекешелендіру бойынша қандай да бір жұмыс жүргізіліп жатпағанын мәлімдеді.

«Жалпы, Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында клубтарды жекешелендіру арқылы казак футболын дамытуда нақты нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік кеңейетінін жеткізген болатын. Бұл ұсынысты ел клубтары түбегейлі қолдайды. Оның қатарында «Қайсар» футбол клубы да бар. Негізінен, клубтарды жекешелендіру арқылы әр клуб өзінің академиясын құруы керек. Осы ретте елімізде әзірге екі академияны атап өтуге болады. Оның бірі — алматылық «Қайрат», екіншісі — шымкенттегі «Оңтүстік» академиясы. Жалпы, осындай нәтиже еліміздің барлық клубына қажет деп есептеймін. Жоғарыда айтып өткенімдей, қызылордалық

«Қайсар» клубы да Президент Жолдауында айтылған басым бағытты қолдайды. Алайда дәл қазір клубты жекешелендіру бойынша нақты ақпарат жоқ. Дей тұрғанмен, алдағы қазан немесе қараша айларында бұл бағыттағы жұмыстар нақтыланады деген ақпарат бар. Егер де «Қайсар» жекеменшікке өтіп жатса, бірінші кезекте өзінің академиясын құрады деген жоспар бар. Сол арқылы сырбойылық команда алдағы ел чемпионатының турнир кестесіндегі жағдайын жақсартып қана қоймай, еурокубоктық бәсекелерге қатысуға мақсат қоятын болады», — дейді клубтың баспасөз хатшысы Ерасыл Шәрібек.

Негізінен, футбол сарапшыларының айтуынша, Америка мен Еуропаның кәсіпқой футбол кеңістігінде клубтарды жекешелендіру, инвесторлар есебінен қаржыландыру жүйесі бұрыннан қолданыста бар. Бұл әлемдік тәжірибеде өзінің тиімділігін де көрсетіп отырғанын алға тартады. Яғни, демеушілер тарапынан клубтардың нәтижелі ойыр көрсетуіне жағдай жасалатыны дәлелденген. Сондықтан біздің елде де мұндай жүйеге кезең-кезеңімен көшірілу құптарлық бастама деп есептейді.

«Қазірдің өзінде «Қайсар» футбол клубы балалар футболын дамытуда бес жылдық жобасын әзірледі. Оның ішінде еуропалық белгілі клубтармен, атап айтқанда, Түркияның «Башахшекир», «Галатасарай» және «Фенербахче», Болгарияның «Лудогорец» сынды клубтарымен тәжірибе алмасу көзделіп отыр. Соның нәтижесінде жергілікті бапкерлер де шеберлігін шыңдап, ел футболын дамытуға жұмыс жүргізетін болады. Сол сияқты биыл жастармен жұмыс істейтін футбол орталықтарына да көңіл бөлініп жатыр. Осы орайда 2012 жылғы жасөспірімдеріміз үздік үштікке еніп, тарихта тұңғыш рет жүлдегер командалардың қатарынан табылып жатқанын ерекше атап өтуге болады. Сондай-ақ биылдан бастап тек қазақстандық ойыншылармен жасакталып, жарыс жолына шыққан қайсарлықтарға премьер-лигадағы орнын сақтап қалу мақсаты жүктелген еді. Командамыз бұл жемені 100 пайызға орындап жатыр деп асқан сенімділікпен айта аламыз. Алдағы кезеңге жоспар көп. Келер жылы жергілікті клуб жаңа стадионда жанкүйерлер үмітін ақтап, еурокубоктық ойындарға жолдама алуға жұмыс істейтін болады», — дейді Ерасыл Шәрібек.

Қалай дегенде де, елімізде тұңғыш легионерсіз, қазақстандық ойыншылардан құралған сырбойылық команданың бүгінгі қарымы көңіл қуантады. Жекешелендіруге қатысты алдағы жоспарлы жұмыстар жүйесін тапса, қарадомалақтарымыз аяқдоп аламынында әлі талай жетістікке жететініне сенім зор.

“**Қазірдің өзінде «Қайсар» футбол клубы балалар футболын дамытуда бес жылдық жобасын әзірледі. Оның ішінде еуропалық белгілі клубтармен, атап айтқанда, Түркияның Башахшекир, Галатасарай және Фенербахче, Болгарияның Лудогорец сынды клубтарымен тәжірибе алмасу көзделіп отыр.**



ПЕРУДЕГІ АЛҒАШҚЫ ЖҮЛДЕ

Дана Әбдірова дзюдодан жастар арасында өтіп жатқан әлем чемпионатында күміс медаль еншіледі. Перудің Лима қаласында басталған әлем біріншілігінде Дана ел қоржынына алғашқы жүлдені салды.



Дана Әбдірова қыздар арасында 57 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде бақ сынаған. Жарыс барысында барлығы бес кездесу өткізіп, оның төртеуін жеңіспен аяқтаған.

Іріктеу кезеңінде Эльвира Гурьеваны (IJF), Коралина Сиенниканы (Польша) жарыс жолынан шығарған.

Ширек финалда Жапония спортшысы Уено Асукадан айл原因сы асырса, жартылай финалда Андрале Жованнаны жеңген. Алайда финалда Дана жапониялық жас дзюдошы Мио Ширанеге есе жіберген.

Айта кетейік, дзюдодан жастар арасындағы әлем чемпионатында әлемнің 65 елінен 463 жас татами шебері қатысып жатыр.

«ТОРПЕДОНЫҢ» СЕГІЗІНШІ ЖЕҢІСІ

Шайбалы хоккейден Қазақстан чемпионатында кезекті ойын күні мәресіне жетті. Бұл күні өскемендік «Торпедо» өз айдынында рудныйлық «Горнякты» 4:2 есебімен сүріндірді. Нәтижесінде, олар қатарынан сегізінші мәрте жеңіске жетіп, турнир кестесіндегі жағдайын одан әрі жақсартта түсті.



Тағы бір кездесуде қарағандылық «Сарыарқа» петропавлдық «Құлагерді» 4:2 есебімен жеңсе, астаналық «Номад» «Ақтөбені» 4:2 есебімен тізе бүктірді. Енді 6 қазанда командалар тағы бір ойын өткізеді.

Айта кетсек, бұдан бұрын өскемендік «Торпедо» шайбалы хоккейден 2025 жылғы Қазақстан кубогының иегері атанды. Финалдық ойында олар Қарағандының «Сарыарқа» командасынан 4:1 есебімен басым түсті. Нәтижесінде, кубокты төбесіне көтерді.

Топтық кезеңде командалар Өскемен және Қарағанды қалаларында шеберлік байкасты. Топтық кезеңнен кейін жартылай финал ойындары жалғасты. Онда топта бірінші орын алған командалар екінші топтағы екінші орындағы ұжымдармен финал жолдамасын сарапқа салды. Шешуші ойындар Қарағанды қаласында өтті.

ӘРТІСТІК ЖҮЗУДЕН ҮШ МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ

Су спорты түрлерінен Үндістанның Ахмедабад қаласында өтіп жатқан Азия чемпионаты аясында әртістік жүзу сайыстары өтті.

Жарыстың алғашқы күнінде Қазақстан құрамасы бірден бес медальға қол жеткізді. Оның үшеуі — алтын. Командалық сайыста (техникалық бағдарлама) отандастарымыз бірінші орынға ие болды. Техникалық соло бағдарламасында сынға түскен Карина Магруппова (240.1600) мен Виктор Друзин (228.1708) жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілді. Осы бағдарламада Эдуард Ким күміс жүлдегер атанса (223.5584), Ясмينا Исламова қола медаль иеленді (204.0066). Ал командалық сайыста (еркін бағдарлама) Қазақстан құрамасы алтын медаль жеңіп алды (267.0639).

Дайындаған С. БЕГІМБАЙ



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЛЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқының»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4651

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,